Mentor
әдістемелік орталығы

Республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

ÜZDIK QALAM



Ақтөбе қаласы

№17(12) 2024

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ
CONTENT
СОДЕРЖАНИЕ

Исламов Тахир Заирович.....4
Жалгасбай Меруерт Тлеубайқызы.....6
Искакова Лунара Галымжановна.....8
Садвакасова Сания Уаликызы.....10
Сулейменова Диляра Аблайхановна.....12
Анесова Динара Кенжегалиева.....14
Бирмагамбетова Мадия Сактагановна.....16
Ермаганбетова Алия Иденбаевна.....17
Жанбирбаева Жанилсин Сагиджановна 18
Жанина Ақсезім Ерболатқызы.....20
Каржаубаева Акнур Абыловна.....21
Касенова Гулшара Кузембаевна.....23
Келмагамбетова Гаухар Сарыбаевна.....25
Қаржаубаева Зергул Нурахметовна.....26
Мауен Сандугаш Рейімқызы.....28
Мунайтпасова Гулдана Муратбайкызы 30
Мурзабаева Актолкын Рафитовна.....31
Наурызбаева Актоты Алтынбековна.....34
Сагидан Ақмерей Әлібекқызы 35
Саркулова Айгуль Жақсылыковна.....37
Сарсембаева Жанар Саликолаевна.....39
Усенбаева Айнур Онгарбаевна.....41
Ыксанова Диана Каиржановна.....42
Абдуллина Айнагул Бакиткереевна.....43
Әлім Айсана Дауырбекқызы.....46
Жакуда Гулсезім Нұрболқызы 51
Жақсыкелдина Толқын Мирболатқызы.....53
Жүнісова Мақпал Тоқмырзақызы.....56
Қалиева Ақпатша Хыранқызы 59
Махамбетов Қият Инатұлы.....63
Утеубаева Гульжат Майлыбаевна.....66

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:
Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту. Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады. Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді. Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылымиақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:
Бас редактор:

Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновна п.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы (Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ КУРСАНТОВ



Исламов Тахир Заирович
Заместитель начальника Академии
Национальной гвардии
Республики Казахстан (по тылу)
г.Петропавловск

В современных условиях подготовки курсантов особая ставка делается на практико-ориентированное обучение с использованием активных и интерактивных методов обучения. Однако это требует и значительных преобразований системы подготовки учебных курсов и проведения занятий. Интерактивные и активные методы имеют много общего. Интерактивный (Inter - взаимный, act - действовать) - основанный на взаимодействии, применительно к процессу обучения означает наличие обратной связи между педагогом или средством обучения и учащимся. В отличие от активных методов, интерактивные ориентированы на более широкое взаимодействие обучающихся не только с преподавателем, но и друг с другом и на доминирование активности обучаемых в процессе обучения.

Интерактивные методы могут использоваться как на лекционных, так и на практических занятиях. Они могут встраиваться в учебное занятие фрагментарно, для активизации внимания обучаемых, постановку мотивирующей проблемы и др., использоваться комплексно на практических тренинговых занятиях, проводимых в виде интенсивного курса (погружения). Последний вариант наиболее эффективен для развития профессионально важных качеств курсантов. Как отмечает С.И. Макшанов, использование тренинговых технологий помогает преодолеть ограничения, накладываемые на профессиональную деятельность традиционными методами обучения, и может выступать в качестве «мостика» между теоретическими знаниями и практикой.

В числе наиболее эффективных интерактивных методов для использования в учебном процессе можно выделить следующие: групповая дискуссия, анализ ситуации, мозговой штурм, разыгрывание ролевых ситуаций и другие.

Групповая дискуссия - это свободный вербальный обмен знаниями и мнениями между участниками группы. Дискуссия позволяет сопоставить противоположные позиции, увидеть проблему с разных сторон, уточнить взаимные позиции, что уменьшает сопротивление участников восприятию новой информации, устраняет их эмоциональную предвзятость.

На практических занятиях обычно используются следующие типы ориентации дискуссий:

1) проблемно-тематическая ориентация обсуждение посвящается вопросам и проблемам в рамках рассматриваемой темы занятия, тематика может актуализироваться в процессе работы или планироваться заранее;

2) ориентация на взаимодействие. Этот тип дискуссии более ориентирован на групповую динамику, на отношения между участниками и проявление их взаимных реакций в складывающейся ситуации. Данный тип дискуссии можно использовать, например, для проявления типичных моделей реагирования в различных ситуациях профессионального взаимодействия.

Проведение дискуссии является эффективным способом активизации учебной группы. Полученный в ходе дискуссии эмоционально-энергетический ресурс группы преподаватель может в дальнейшем использовать, направляя его на решение других педагогических задач. Потенциально дискуссии подразумевают высокий уровень вовлеченности группы, хотя во многом это зависит от выбора темы, правильности постановки вопроса и особенностей ее проведения. В некоторых случаях для активизации участников можно ознакомить их с рекомендациями организации групповой дискуссии, описанными К. Рудестамом:

а) избегайте защищать свои индивидуальные суждения. Подходите к задаче логически;

б) избегайте менять свое мнение только ради достижения

согласия, не старайтесь уклониться от конфликта. Поддерживайте только те решения, с которыми вы можете согласиться хотя бы отчасти;
в) избегайте таких методов «уменьшения конфликта», как голосование, компромиссные решения с целью достижения согласия при решении групповой задачи;
г) рассматривайте различие мнений как помощь, а не как помеху при принятии решений

Анализ ситуаций. Данный метод работы также является производным от дискуссии. Ситуации для обсуждения могут быть предварительно заготовлены преподавателем или предложены самим обучаемыми. Процедура может строиться по следующему последовательно выстроенному сценарию: 1) участник описывает ситуацию из области профессиональной деятельности; 2) остальные участники задают вопросы, направленные на уточнение ситуации; 3) каждый участник высказывает свой способ выхода из данной ситуации. Далее возможно организовать обсуждение всех предложенных способов и выбрать из них наиболее подходящий по мнению группы.

Кейс-метод (Case study) - это техника обучения, использующая описание реальных или моделируемых проблемных ситуаций (от англ. case - «случай»). При работе с кейсом обучающиеся осуществляют поиск, анализ дополнительной информации из различных областей знаний, в том числе связанных с будущей профессией. Суть его заключается в том, что обучающимся предлагают осмыслить ситуацию, описание которой отражает не только какую-либо практическую проблему, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при ее разрешении данной проблемы. При этом сама проблема не имеет однозначных решений.

В завершение следует отметить, что успешность и эффективность использования в практико-ориентированном обучении интерактивных методов обусловлено соблюдением ряда принципов их организации и проведения.
Наиболее значимыми в этом ряду, на наш взгляд, являются следующие:
- принцип пространственной организации - обеспечение возможности свободного расположения обучаемых в аудитории, их передвижения и объединения в микрогруппы по необходимости;
- принцип профессионального наполнения - обеспечение широкого иллюстрирования поставляемых знаний и опыта примерами из реальной профессиональной практики, их обсуждение или разыгрывание.
- принцип профессионального соответствия - максимизация подобия между профессиональной и моделируемой ситуациями;
- принцип доступности - формулировка и преподнесение информации таким образом, чтобы обучаемые без больших затруднений понимали область и способы ее применения;
- принцип конгруэнтности - передаваемые обучаемым знания и формируемые навыки и не должны входить в принципиальные противоречия с профессиональными и личностными этическими нормами.

Также следует учитывать, что важной характеристикой практико-ориентированного обучения является устойчивость произведенных с помощью интерактивных процедур изменений.

На устойчивость изменений во многом влияют следующие факторы:
- достаточность уровня сформированности навыков для их сохранения и возможности воспроизведения в соответствующих ситуациях;
- степень соответствия приобретенных знаний и опыта - профессиональной Я-концепции курсантов и слушателей.

Список литературы

1. Невирко, Д.Д. Организация и методики социопсихологического обеспечения учебной и служебной деятельности образовательного учреждения правоохранительных органов : учебно-методическое пособие / Д.Д. Невирко, О.В. Евтихов. - Красноярск: СибЮИ ФСКН России, 2012.
2. Иоффе, А.Н. Активная методика - залог успеха / А.Н. Иоффе // Гражданское образование : материал международного проекта. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2000.
3. Евтихов, О.В. Практика психологического тренинга / О.В. Евтихов. - СПб.: Речь, 2007.
4. Евтихов, О.В. Лидерский потенциал руководителя: специфика, содержание и возможности развития : монография / О.В. Евтихов. - Красноярск : СибЮИ МВД России, 2011.
5. Макшанов, С.И. Психология тренинга: Теория. Методология. Практика : монография / С.И. Макшанов. - СПб.: Образование, 1997.
6. Рудестам, К. Групповая психотерапия / К. Рудестам. - М.: Питер, 2008.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

МАТЕМАТИКАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ РӨЛІ



Жалғасбай Меруерт Тлеубайқызы
«Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық коледжі» МКҚК
математика пәнінің оқытушысы

Психология мен математика – ғылымның екі маңызды саласы, олардың арасында терең байланыс бар. Психология адамның мінез-құлқын, ойлау процестерін және эмоцияларын зерттесе, математика логикалық ойлаудың, талдау мен шешім қабылдаудың негізі болып табылады. Бұл екі сала бір-бірімен тығыз байланыста, себебі шешім қабылдау мен логикалық ойлау психологиялық аспектілерге, соның ішінде эмоцияларға, когнитивтік шектеулерге және әлеуметтік факторларға тәуелді. Қазіргі уақытта, психология мен математиканың байланысын зерттеу, адам мінез-құлқын түсінуге және шешім қабылдау механизмдерін жақсартуға мүмкіндік береді. Психология мен математика арасындағы байланысты зерттеу бірнеше себептер бойынша маңызды: 1) Шешім қабылдаудың негіздері: Психологиядағы шешім қабылдау процестері математикалық модельдер арқылы жақсы түсіндіріледі. Математика ықтималдықтар мен статистиканы қолдану арқылы адамдардың шешім қабылдау әдістерін зерттеуге мүмкіндік береді; 2) Логикалық ойлау: Логика мен математика арасындағы байланыс, сондай-ақ математикалық қағидалардың психологиялық процестердегі рөлі, адамның ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі; 3) Когнитивтік процестер: Математикалық әдістер когнитивтік психологияда, яғни адамдардың ақпаратты қалай өңдейтіні мен қабылдайтынын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Математика когнитивтік модельдерді құруға мүмкіндік береді; 4) Талдау және бағалау: Психологиялық зерттеулерде деректерді талдау үшін статистикалық және математикалық әдістерді қолдану, нәтижелердің сенімділігін арттырады және қорытындыларды дәлелдеуге мүмкіндік береді; 5) Жеке даму: Математикалық дағдылардың дамуы психологиялық аспектілермен (көзқарас, мотивация, сенімділік) байланысты, сондықтан математика мен психология арасындағы зерттеулер оқушылар мен студенттердің білім алуын жақсарта алады; 6) Әлеуметтік және экономикалық мәселелер: Психология мен математиканың қиылысуы әлеуметтік мінез-құлықты модельдеуге, экономикалық шешімдерді болжауға және қоғамдық саясатты әзірлеуге көмектеседі. Бұл себептер психология мен математика арасындағы байланысты зерттеудің көпқырлы әрі маңызды екенін көрсетеді, сондай-ақ осы зерттеулердің әлеуметтік, білім беру және ғылыми саладағы әсерін арттырады. Психологиядағы математиканың рөлі логикалық ойлау мен шешім қабылдау процестерін түсінуде маңызды. Бұл аспектілерді қарастыру арқылы математиканың психологиядағы рөлін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін бірнеше негізгі пункттерді атап өтейік:

1. Шешім қабылдау

- Математикалық модельдер: Шешім қабылдау процесінде математикалық модельдер (мысалы, ықтималдық теориясы) адамдардың әртүрлі жағдайларда қалай әрекет ететінін болжауға көмектеседі. Бұл модельдер шешім қабылдаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
- Күтілген пайдалылық теориясы: Адамдар шешім қабылдау кезінде тәуекелдер мен пайда-зиянды бағалайды. Математика осы процесс барысында адамдардың таңдауларын түсінуге мүмкіндік береді.

2. Логикалық ойлау

- Логика мен алгоритмдер: Математика логикалық ойлаудың негізі болып табылады. Логикалық операциялар мен алгоритмдер адамның ақпаратты қалай өңдейтінін, аргументтерді қалай құрайтынын және шешімдерді қалай қабылдайтынын зерттеуге мүмкіндік береді.
- Когнитивтік процестер: Логикалық ойлаудың математикалық негіздері (мысалы, дедуктивті және индуктивті логика) адамның ойлау механизмдерін түсінуге көмектеседі. Бұл білім когнитивті психологияда, яғни адамның ойлау, есте сақтау және проблемаларды шешу қабілеттерін зерттеуде пайдалы.

3. Зерттеулер мен тәжірибелер

- Психологиялық эксперименттер: Математика психологиялық эксперименттерде деректерді талдау мен интерпретациялау үшін қолданылады. Мысалы, статистикалық әдістер зерттеу нәтижелерін бағалау және ғылыми дәлелдер ұсыну үшін маңызды.
- Жасанды интеллект: Жасанды интеллект пен машиналық оқыту салаларында математикалық

әдістер адамдардың шешім қабылдау қабілетін модельдеуге және болжауға мүмкіндік береді.
4. Психологиялық тесттер мен бағалау
- Математикалық тесттер: Психологиялық тесттер мен сауалнамаларда математикалық әдістер (мысалы, факторлық талдау) адамның жеке қасиеттерін, мінез-құлқын және шешім қабылдау стилін зерттеуге мүмкіндік береді.
5. Әлеуметтік мінез-құлықты түсіну
- Жекелеген мінез-құлық: Математика мен психология арасындағы байланыс адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын модельдеуге және әлеуметтік жағдайларға байланысты шешім қабылдау процестерін түсінуге көмектеседі. Психологиялық зерттеулерде статистиканың қолданылуы өте маңызды, себебі ол деректерді талдау, нәтижелерді интерпретациялау және ғылыми дәлелдерді қамтамасыз ету үшін қажет. Статистика психологиядағы зерттеу әдістерінің негізін құрайды. Мұнда статистиканың психологиялық зерттеулерде қалай қолданылатынына қатысты бірнеше негізгі аспектілерді қарастыруға болады. Психология мен математика арасындағы байланысты зерттеу соңғы жылдары көптеген жаңалықтар мен қызықты нәтижелерді ұсынды. Осы саладағы соңғы зерттеулердің кейбір негізгі бағыттары мен нәтижелері:
1. Ойын теориясы. Стратегиялық шешім қабылдау: Ойын теориясы психологиямен қиылыса отырып, әлеуметтік интеракцияларды, топтық динамиканы және адамдардың стратегиялық шешім қабылдау механизмдерін зерттеу үшін қолданылады. Соңғы зерттеулердің нәтижелері ойын жағдайында психологиялық факторлардың (эмоциялар, мотивация) рөлін көрсетуде.
2. Жасанды интеллект және нейропсихология. Нейрондық желілер: Жасанды интеллект саласында математикалық модельдер мен нейрондық желілер адам ойлау және шешім қабылдау процестерін модельдеу үшін қолданылады. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер адамның когнитивтік механизмдерін түсінуге көмектеседі.
3. Математикалық білім беру. Оқу мен даму: Математиканы оқытудағы психологиялық аспектілер (мысалы, стресстің әсері, мотивация) математикалық білімнің сапасына әсер ететін факторлар ретінде зерттеледі. Соңғы зерттеулер студенттердің математикалық дағдыларын дамыту үшін психологиялық әдістерді интеграциялауды ұсынады.
4. Психологиялық әсерлер. Стресстің математикалық шешім қабылдауға әсері: Психологиялық зерттеулер стресстік жағдайлардың математикалық ойлау мен шешім қабылдауға әсерін зерттеп жатыр. Мұндай зерттеулер стресс деңгейі жоғары адамдардың шешім қабылдау процесіндегі кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.
1. Эмоция мен шешім қабылдау
- Эмоциялардың математикалық модельдері: Эмоциялардың шешім қабылдаудағы рөлін тереңірек зерттеу, оның ішінде әртүрлі эмоционалдық жағдайларда адамдардың шешім қабылдау стилдерінің өзгеруін модельдеу.
- Стресс пен психологиялық қысым: Стресстік жағдайларда шешім қабылдау механикаларына әсерін зерттеу, бұл әсіресе бизнес, саясат немесе қаржы салаларында маңызды.
2. Логикалық ойлау мен когнитивтік шектеулер
- Когнитивтік шектеулерді зерттеу: Адамдардың логикалық ойлау қабілеттерінің шектеулерін анықтау және оларды жеңу стратегияларын әзірлеу.
- Логикалық тапсырмаларды орындау: Жеке тұлғалардың логикалық тапсырмаларды шешудегі когнитивтік процестерін терең зерттеу.
3. Ойын теориясы және әлеуметтік динамика
- Стратегиялық ойлау: Ойын теориясының психологиялық аспектілерін, яғни стратегиялық шешімдердіңәлеуметтікинтеракцияларғаәсерінзерттеу.
- Топтық мінез-құлық: Топтық шешім қабылдау процестеріндегі психологиялық факторларды, мысалы, лидерлік және топтық динамика.
4. Математикалық білім беру
- Психологиялық факторлар: Математиканы оқытудағы психологиялық аспектілерді, атап айтқанда, мотивация мен кедергілерді зерттеу.
- Оқу әдістемелері: Студенттердің математикалық дағдыларын дамыту үшін тиімді оқыту әдістерін анықтау.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, психология мен математиканың байланысы шешім қабылдау мен логикалық ойлауда маңызды рөл атқарады. Эмоциялар мен когнитивтік механизмдер, математикалық логика мен статистикалық әдістерді пайдалану арқылы адамның шешім қабылдау процесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.Алдағы зерттеулерде психологиялық тесттер мен математикалық тапсырмалардың арасындағы байланысты тереңірек қарастыру, сондай-ақ шешім қабылдау мен логикалық ойлау процестеріндегі психологиялық факторларды зерттеу қажет. Бұл зерттеулер білім беру, әлеуметтік динамика және адам мінез-құлқының басқа да аспектілерін дамытуға ықпал ете алады. Осылайша, психология мен математиканың интеграциясы, адамдардың ойлау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуда, ғылыми және практикалық салаларда жаңа мүмкіндіктерді ашады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдабаев, Н. (2007). Психология: теория және тәжірибе. Алматы: Ғылым.
(Психологияның теориялық негіздері мен тәжірибелік аспектілері)
2. Тұрғанбек, А. (2013). Логикалық ойлау: Негіздер мен әдістер. Алматы: Арыс.
(Логикалық ойлау мен шешім қабылдау процесі)
3. Асанов, Ә. (2019). Адамның шешім қабылдау процесінде эмоциялардың рөлі. Психология және педагогика,1(2),45-56. (Эмоциялардың шешім қабылдаудағы әсері)

4. Есболов, Н. (2020). Математика пәнін оқытудағы психологиялық аспектілер. Білім және ғылым, 3(1), 30-35.
5. Нұрмолда, М. (2014). Психологияның негіздері. Алматы: Қазақ университеті.
(Психологияның жалпы аспектілері мен қолданылуы)

BORLAND DELPHI БАҒДАРЛАМАСЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНТЕРАКТИВТІ ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ӘДІСІ

Искакова Лунара Галымжановна
информатика пәнінің оқытушысы,
педагогика және психология білім беру
магистрі. «Ж.Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық колледжі»
МКҚК

Аннотация

«Borland Delphi бағдарламасында информатика пәніне арналған интерактивті тест және практикалық жұмыстарды» цифрлық білім беру ресурстары ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, егер автоматты түрде бағасы мен қате жіберген сұрақтары оқушыға көрініп тұратын болса, мұндай жұмыс актуальды деп ойлаймын.

Қазіргі заман талабына байланысты қашықтықтан оқыту барысында оқушыларға онлайн жүйесінде интерактивті тапсырмалар көптеп қолданылады. Интерактивті тапсырмалар жүйесінің өзектілігіне тоқталып өтетін болсақ:
• оқушының дұрыс жауапты көре алмайтындығы;
• оқушының қате белгілеген жауаптарын көре алатындығы.
Қазіргі таңда цифрлық білім беру ресурстары көптеп қолданысқа еніп келеді. Төмендегідей артықшылықтарын атап өтуге болады:
• оқушының дұрыс жауапты көре алмайтындығы;
• оқушының қате белгілеген жауаптарын көре алатындығы;
• оқушының өз бағасын көре алатындығы;
• оқушының жауаптарды тазалап, тест жұмысын қайта бастауға мүмкіндігі.

Borland Delphi бағдарламасында **RadioButton, Button, Label, Panel, GroupBox** сияқты батырмаларды қолдана отырып, практикалық жұмыстар құрастырылды. **Borland Delphi** бағдарламасында **Image, Bitbtn, Button, Label, Panel, Edit** сияқты басқа да батырмаларды қолдана отырып, информатика пәніне арналған практкиалық тапсырмалар жинағы құрастырылды. Бұл жерде тапсырмалар тест турінде жүйелеп құрастырылған. Оқушылар тапсырмаларды орындау арқылы, шыққан жасырын жауаптарды RadioButton батырмаларға белгілейді. Соңында «тексеру», «бағалау» батырмаларын басу арқылы өздерінің жұмыс нәтижелерін көре алады. Практикалық жұмысты аяқтаған соң, оқушылар келесі бөлімге өтуге болады. Ол үшін «Басты бет» батырмасын басамыз. «Басты бет» батырмасы бізді алғашқы бетке шығарады.

Программалау тілдерін қолдана отырып, көптеген цифрлық білім беру ресурстарын құрастыруға болады, мәселен мен таңдап отырған Borland Delphi бағдарламасының осы салада мүмкіндігі өте зор. Бағдарламада Windows-тың стандартты бағдарламаларын, интернет желісіндегі кез-келген интернет беттерін гиперсілтеме арқылы шақыруға, сонымен қатар көптеген тест түрлерін құрастыруға, редактілеуге, оларды форматтауға мүмкіндік бар. Жалпы Borland Delphi бағдарламасының мүмкіндіктері шексіз деп айтқым келеді.

Borland Delphi бағдарламасының интерфейсі қызықты әрі меңгеруге жеңіл деп айтуға болады. Бағдарламаны іске қосқанда бірден жеті терезе ашылады. Негізгілері: форма беті, программалық код терезесі, құрал-саймандар терезесі, оқиғалар терезесі т.б. Жұмысымның мақсаты мен міндеттері: бұл жердегі ең басты мақсат 6-сынып оқушыларының осы тест жүйесі арқылы қаншалықты шапшаң, қаншалықты икемді, тез ұғып алғыш екендерін анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқушылар жасаған жұмыстарының нәтижесі ретінде өз бағаларын көре алады. Тест жұмысын қайта жасауға мүмкіндіктері де бар. Ол үшін **«Тазалау»** батырмасы қойылған.

«Тазалау» батырмасының программалық кодында көрсетілген бағаны, жауаптардың қате екендігін білдіретін қызыл түсті өшіру коды жазылған. Ал, **«Тексеру»** батырмасында оқушы тест жұмысын орындап болған соң, осы батырманы басу арқылы, өз жұмысының нәтижесін көру үшін басатын болады. Ең соңғы батырма, ол бағдарламадан шығу.

Бұл жердегі ең басты мақсат 6-сынып оқушыларының осы интерактивті практикалық жұмыстарды орындау барысында оқушылардың қаншалықты шапшаң, қаншалықты икемді, қаншалықты бейімді екендерін анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқушылар жасаған жұмыстарының нәтижесі ретінде өз дұрыс жауаптарын көре алады. Ең соңғы батырмалар, олар **«Басты бет», «Шығу». «Басты бет»** батырмасы арқылы ең алғашқы бетке өтеміз.

Жаңашылдығы: Borland Delphi бағдарламасында құрастырылған практикалық жұмыстарының жаңашылдығы, оның тест нәтижесінің қызыл түсті болуы, яғни оқушының өзі жіберген қателіктерін бірден көруі болып табылады. Жауаптар дұрыс болған жағдайда жасыл түске боялады.

Borland Delphi бағдарламасында құрастырылған интерактивті практикалық жұмыстың жаңашылдығы, оның нәтижесінің дұрыс болмаған жағдайда қызыл түсті болуы, яғни оқушының өзі жіберген қателіктерін бірден көруі болып табылады. Ендігі кезекте Borland Delphi бағдарламасында құрастырылған интерактивті тапсырмалар жинағы. Бұл тапсырмалар жинағын ары қарай дамыту мақсатында көптеген тапсырмалар түрлерін қосуға болады. Сонымен қатар, тапсырмалар түрін күрделі етіп өзгерте аламыз. Бұл тапсырмалар мен тест жұмысы 6-сынып оқушылары үшін арналған. Назарларыңызға Borland Delphi бағдарламасында құрастырылған интерактивті тапсырмалар түрін ұсынамын. Интерактивті практикалық жұмыстар титул беттен, автор туралы ақпарат бетінен және тапсырмалардан тұрады. Титул бетінде көріп тұрғандарыңыздай, үш батырма орналасқан. Бірінші батырма арқылы практикалық жұмыстарға өте аламыз, ал екінші батырма арқылы өтетін болсақ, автор туралы ақпаратты көре аламыз, ал үшінші батырма, ол ең соңғы батырма жобадан шығу болып табылады. Жобадан байқамай шығып кететін болсақ, қайта кіріп жұмысты басынан жасауымызға болады. Титул беті. Бұл бетте жұмыстың тақырыбы берілген.

«Тазалау» батырмасының коды, яғни оқушы барлық жауаптарын белгілеп болған соң, өзінің жұмысының дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтау мақсатында **«Тексеру»** батырмасын басады, сосын жауапты корген соң **«Тазалау»** батырмасын басса болады. Осылайша программалық код жазудың нәтижесінде бізде дайын тест жұмысы 3-суретте көрсетілгендей болып шығады. Жасалынған жұмыстың нешеуі дұрыс не бұрыс екендігін анықтау үшін k айнымалысын қолданамыз. Айнымалыны программа кодының басында сипаттап кетеміз. Сипатталмаған айнымалы программаның орындалу барысында қате көрсететін болады. k бүтін типті (integer) айнымалы болып табылады. Сонымен қатар, k айнымалысын begin операторлық жақшадан соң, 0-ге теңейміз. Бұл дегеніміз бастапқы мәні 0-ге тең. Программа толық жұмыс жасау үшін келесідей программалық код жазылады:

Қолданылған интернет ресурстары:

1. Википедия интернет-ресурсы «Свободная энциклопедия»: https://ru.wikipedia.org/wiki/Delphi
2. Информатика Кадыркулов Р.
3. Информатика Салгараева Г., Базаева Ж., Маханова А.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ВАЛЮТА БАҒАМЫН БОЛЖАУ ҮШІН НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІ МОДЕЛІН ҚҰРУ

Садвакасова Сания Уаликызы
информатика пәнінің оқытушысы,
жаратылыстану ғылымының магистрі.
«Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары
қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

Аннотация

Бұл жұмыс нарықтық уақыт қатарын экстраполяциялау моделін әзірлейді. Модель доллардың теңгеге қатысты бағамын жақын болашақта болжау үшін қолданылады. Болжаудың бастапқы материалы болып негізгі әлемдік валюталардың айырбас бағамы, энергия көздерінің бағасы, түсті металдар мен шикізат бағасы, өткен үлкен кезеңдегі негізгі қаржылық көрсеткіштердің өзгеру динамикасы табылады. Болжау құралы модификацияланған көпқабатты перцептрон болып табылады.


Дүниежүзілік валюталардың тұрақты валютаға қатысты бағамы, энергетикалық ресурстар мен шикізат бағасы, түсті және бағалы металдар бағасы, қаржылық индекстер және т.б. стохастикалық компоненті бар уақыт қатарларының үлгілері болып табылады. Егер сіз бұл деректерді жеткілікті ұзақ уақыт ішінде қарасаңыз, күрт көтерілу және төмендеу кезеңдерін, сондай-ақ салыстырмалы тұрақтылық кезеңдерін байқайсыз. Уақыттың дамуы хаос, одан кейін көтерілу мен құлдырау, тұрақтылық кезеңдері сияқты әсер қалдырады. Егер біз тек бір валютаға арналған деректерді немесе жеке шикізатқа арналған деректерді қарастырсақ, бұл ішінара дұрыс. Екінші жағынан, әлемдік қаржы жүйесінде кездейсоқтық үлесі шамалы. Жаһандық қаржы жүйесі жасырын болса да, өте нақты заңдарға сәйкес жұмыс істейді. Шикізат бағасы әлемдік қаржылық индекстерге әсер етеді. Индекстер валюта бағамдарына әсер етеді. Валюта бағамы шикізат бағасын анықтайды. Бүкіл қаржы жүйесі кері байланысы бар күрделі бірлік ретінде және өзінің ішкі заңдарына сәйкес жұмыс істейді. Мұндай жүйенің стохастикалық компоненті бар. Алайда, егер ішкі байланыстарды анықтау және анықтау және жасырын ішкі заңдылықтарды түсіну мүмкін болса, онда уақыттық қатарлардың дамуын бірнеше күн бойы, мүмкін болашақта апталарда болжауға болады. Дүниежүзілік экономикалық жүйенің қызмет ету заңдылықтарын неғұрлым нақты түсінген сайын, болжамдар соғұрлым нақты болады.

Деректердің уақыттық қатарының дамуын болжау және оның ең болмағанда бірнеше кейінгі мүшелерін болжауға әрекет жасау маңызды ғылыми-техникалық мәселе болып табылады. Оны шешу үшін әртүрлі математикалық әдістер мен алгоритмдер қолданылады. Мысалы, регрессиялық талдау [6], экстраполяция, сызықтық және сызықты емес параметрлік әдістер, қайталанатын нейрондық желілер [7] және т.б. Дегенмен, математикалық талдау және деректер арасындағы байланыстарды анықтау, математикалық модельдерді құру және оларды талдау бүкіл жүйенің орасан зор күрделілігіне және бастапқы деректердің үлкен көлеміне байланысты үлкен қиындықтарға тап болады. Мұндай жағдайда үлгілерді іздеуді автоматтандыру және уақыт қатарларының мәндерін автоматты түрде болжау әдістері үлкен маңызға ие болады. Әдебиеттерде нейрондық желіні оқытуды қолдана отырып, бұл мәселені шешу әрекеттерін табуға болады [2, 4, 5]. Нейрондық желінің дұрыс архитектурасы және жылдам оқыту алгоритмдері кіріс деректер арасындағы ішкі байланыстарды анықтауға және желіні экстраполяция мен болжау үшін осы қосылымдарды пайдалануға үйретуге мүмкіндік береді. Бұл мәселенің толық шешімі жоқ. Мақалада теңге бағамына қатысты доллар бағамын талдау және болжау үшін кері бағыттағы нейрондық желіні қолданамыз. Нейрондық желіні кері таралу алгоритмін жеткілікті үлкен уақыт кезеңі ішінде жаһандық және қазақстандық қаржылық көрсеткіштердің үлкен дерекқорын пайдалана отырып [8]. Мүмкіндігінше көп корреляцияны анықтау және дәлірек болжам жасау үшін біз тек доллар-теңге бағамы туралы деректерді ғана емес, сонымен қатар энергетикалық ресурстар мен шикізатқа әлемдік бағалар туралы деректерді, негізгі әлемдік валюта бағамдарының ауытқуы туралы деректерді пайдаланамыз. валюталар және қаржылық индекстердің ауытқуы туралы мәліметтер. Уақытша корреляцияларды анықтау үшін нейрондық желіні жаттықтыру кезінде уақыт терезесі техникасын қолданамыз. 2000 жылғы 1 қаңтардан 2018 жылғы 17 қаңтарға дейінгі кезеңге доллар/теңге бағамының үлгісі бар. Сондай-ақ басқа әлемдік валюталардың бағамдарының үлгілері, энергия ресурстары мен шикізаттың әлемдік

бағасы және сол кезеңдегі әлемдік қаржылық индекстердің мәндері бар. Осы деректерге сүйене отырып, доллардың теңгедегі құнына бірнеше күнге дейінгі мерзімге болжам жасау қажет. Нейрондық желінің архитектурасын құру Кез келген функцияны көп қабатты нейрондық желі арқылы кез келген берілген дәлдікпен жақындатуға болады. Біз өз жұмысымызда шамамен функцияны F˜ нейрондық желімен ауыстырамыз және

$$\tilde{F}_1 \to \tilde{F}_2 \to \tilde{F}_3 \to \cdots \to \tilde{F}_M$$

Нейрондық желінің жалпы архитектурасы суретте көрсетілген. 1.



Сурет 1. Жақын болашақта доллар бағамын болжауға арналған нейрондық желінің жалпы архитектурасы

Нейрондық желі бір кіріс деңгейінен, бірнеше жасырын қабаттардан және бір шығыс деңгейінен тұрады. Кіріс қабатындағы нейрондардың саны болжау үшін пайдаланылатын параметрлердің санына Nжәне жылжымалы уақыт терезесінің еніне байланысты b+1. Шығу нейрондарының саны болжамды параметрлердің санына тең N. Жасырын қабаттардың саны мен әрбір жасырын қабаттағы нейрондардың саны әртүрлі болуы мүмкін. Бұл сандар модельдің бос параметрлері болып табылады.

Қолданылған интернет ресурстары:
1. Татянкин В.М. Көпқабатты нейрондық желінің оңтайлы архитектурасын қалыптастыру алгоритмі / В.М. Татянкин // Ғылымдағы жаңа сөз: даму болашағы: II Халықаралық материалдары . ғылыми – практикалық conf . (Чебоксары, 30 желтоқсан 2014 ж.) / Редакциялық топ : О.Н. Широков және басқалары - Чебоксары:
2. Татянкин В.М. Уақыт қатарларын болжауда көпқабатты нейрондық желілерді пайдалану / В.М. Татянкин // Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары: III Халықаралық материалдары . ғылыми – практикалық conf . (Чебоксары, 4 желтоқсан 2014 ж.) / Редакциялық топ : О.Н. Широков және т.б. – Чебоксары: ОЖЖ « Интерактивті плюс», 2014. – 195–197 б. (https:// interactive-plus.ru/ru/article/5262/discussion_platform)
3. Татянкин В.М. Өзгертілген қатені кері тарату алгоритмі / В.М. Татянкин // Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары: III Халықаралық материалдары . ғылыми – практикалық conf . (Чебоксары, 04 желтоқсан 2014 ж.) / Редакциялық топ : О.Н. Широков [және басқалар]. – Чебоксары: ОЖЖ « Интерактивті плюс», 2014. – №3 (3). – 197–198 беттер. (https://in-teractive-plus.ru/ru/article/5263/discussion_platform)

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП,БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ

Сулейменова Диляра Аблайхановна
«Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық коледжі» МКҚК физика пәнінің оқытушысы

Аңдатпа. Физика пәні – табиғаттың заңдылықтарын түсіндіретін ғылым ретінде адам баласының өмірінде ерекше орын алады. Физиканы оқыту барысында теория мен практиканың өзара байланысы маңызды рөл атқарады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттыруда есептер шешудің маңызы зор. Бұл мақалада физикалық есептерді шешудің білім алушылардың қызығушылығын оятудағы рөлі қарастырылады, сондай-ақ есептерді тиімді шешу тәсілдері мен әдістері ұсынылады
Түйінді сөздер: сапалы білім, әдіс-тәсілдер, жаңашылдық.

Сулейменова Диляра Аблайхановна

1. Физика және оның маңызы

Физика ғылымы адамның табиғатқа, қоршаған ортаға, оның заңдылықтарына деген қызығушылығын оятатын пәндердің бірі болып табылады. Бала кезден-ақ қоршаған дүниенің қалай жұмыс істейтінін білуге деген ұмтылыс адамды зерттеу мен тәжірибеге итермелейді. Физика арқылы біз әлемнің ішкі құрылымын, оның түрлі құбылыстарын және энергия мен заттың өзара әрекеттесуін түсінеміз. Бірақ көптеген оқушылар үшін физика күрделі, абстрактылы пән болып көрінуі мүмкін, өйткені ол тек теориялық түсініктер мен формулаларға негізделген. Сондықтан, физика пәнін оқытуда теорияны тәжірибемен ұштастырып, есептер мен практикалық тапсырмалар арқылы пәннің маңыздылығын көрсету керек.

2. Физикалық есептер: оқытудың негізі

Физикалық есептер — физика ғылымының маңызды құралы. Олар тек теориялық білімді қолдануға ғана емес, сондай-ақ шығармашылық ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Есептерді шешу барысында оқушылар физикадағы негізгі заңдарды практикада қолдануды үйренеді, сондай-ақ олардың нақты өмірмен байланысын түсінеді.

Физикалық есептердің түрлері:

- Теориялық есептер: Формулаларды қолдану арқылы есептеулер жүргізу.
- Эксперименттік есептер: Физикалық құбылыстарды нақты зерттеу және оларды практикалық тұрғыда түсіндіру.
- Күнделікті өмірге қатысты есептер: Оқушыларды қоршаған ортаның физикалық заңдылықтарымен таныстыру, мысалы, автокөліктің жылдамдығын анықтау, ғарышқа ұшатын ракета қозғалысының заңдарын зерттеу.

Есептерді шешу барысында физикаға деген қызығушылық артады, себебі оқушылар физикалық заңдардың өз өмірлерінде қалай жұмыс істейтінін түсіне бастайды. Мысалы, жарықтың сынуы, жылу өткізгіштігі немесе жылдамдықтың өзгеруі сияқты күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды түсіндіретін есептер шешу арқылы, оқушылар физиканы тек пән ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың күнделікті өміріне әсер ететін маңызды ғылым ретінде бағалайды.

3. Физикаға деген қызығушылықты арттыру үшін тиімді әдістер

Физикалық есептерді шешу қызықты әрі тартымды болуы үшін әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Олардың кейбіреулерін қарастырайық:

3.1. Практикалық тапсырмалар мен жобалар

Оқушыларды физикалық есептерді шешуге қызықтырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі — практикалық тапсырмалар мен жобаларды енгізу. Мысалы, “Автокөлік қандай жолмен жүрсе, тоқтау үшін қанша уақыт қажет?” немесе “Суық ауа температурасы кезінде, денемізде қандай өзгерістер болады?” деген сияқты күнделікті өмірден алынған тапсырмалар оқушылардың физикаға деген қызығушылығын оятады. Практикалық тапсырмалар оқушыларды тек формулаларды қолданып есеп шығаруға емес, құбылыстарды түсінуге, оларды талдауға және болжауға бағыттайды.

3.2. Ойындар мен викториналар

Физика пәнін ойын арқылы оқыту әдісі де үлкен қызығушылық тудырады. Мысалы, физикалық викториналар мен жауапты ойындар арқылы оқушылар физика туралы теориялық білімдерін

тексеріп, сол арқылы өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап табады. Мұндай тәсіл физика заңдарының практикалық қолданылуын оңай әрі қызықты түсінуге мүмкіндік береді.

3.3. Анимация мен бейнемазмұндар

Физикалық құбылыстарды визуализациялау үшін әр түрлі анимациялар мен бейнемазмұндар пайдалануға болады. Мысалы, толқындардың таралуы, гравитация немесе электр өрісі туралы бейнемазмұндар оқушылардың түсінуін жеңілдетеді. Құбылыстарды көрнекі түрде көрсету физиканы абстрактілі ғылымнан нақты және түсінікті пәнге айналдырады.

4. Физикалық есептердің білім алушыларға тигізетін әсері

Физикалық есептерді шешу барысында оқушылардың танымдық белсенділігі артады. Олар тек есеп шығаруды ғана емес, сондай-ақ физикалық заңдылықтарды зерттеуді және табиғаттың әртүрлі құбылыстарын түсінуді үйренеді. Қызықты есептер мен тәжірибелер оқушыларды логикалық ойлау дағдыларын дамытуға, сын тұрғысынан ойлауға үйретеді. Физикаға қызығушылық оянып, пәнге деген жағымды көзқарас қалыптасады. Бұдан басқа, есептерді шешу барысында оқушылардың аналитикалық қабілеттері, шығармашылық ойлау мен өзіндік ізденіс дағдылары дамиды. Осылайша, физика пәні тек теориялық біліммен шектеліп қана қоймай, оқушылардың болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген ынтасын арттырады.

Қорытынды

Физика пәні -тек формулалар мен теорияларды түсінуден тұратын ғылым емес, ол оқушылардың табиғат пен қоршаған әлемді түсінуге деген ынтасын оятатын пән. Физикалық есептерді шешу арқылы білім алушылар тек есеп шығарып қоймай, табиғаттың қалай жұмыс істейтінін терең түсінеді. Қызықты және өзекті есептер оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, физикаға деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, физикалық заңдардың нақты өмірмен байланысын көрсете отырып, оқушылардың пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда есептер шешудің маңызды рөлі зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мамыров А.Ә., Әбілқасымов А.Қ. «Физика негіздері». – Алматы: Республикалық баспа, 2008.
2. Әбілқасымов А.Қ., Жақыпов Қ.Қ. «Жоғары мектепте физиканы оқыту әдістемесі». – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
3. Бірмағамбетов А. «Физика: Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы». – Алматы: «Білім» баспасы, 2017.
4. Физика: Күнделікті өмірдегі ғылым. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2020.
5. Вигнер Э. «Физика туралы көзқарастар». – М.: Наука, 1979.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МАТЕМАТИКАЛЫҚ АМАЛДАРДЫ ОРЫНДАУ ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕП

Анесова Динара Кенжегалиева
Жаңажол жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушылары ойларының логикалық дамуының негізгі кезеңі.Өйткені балардың дәл осы кезеңде ойлауы абстрактілі ойлауға қарац дамиды.Бастауыш сыныпта оқушылардың бірте-бірте ой-өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып ойын дәлелдеуді үйрене бастайды. Логикалық математика мектептің бастауыш сатысындағы 1 сынып оқушыларына арналған.

Пән бағдарламасының құрылымдық қырлары 1 сыныптарға арналған «Математика» пәні бойынша білім беру стандартында көрсетілген жүйе бойынша жасалады.Оқушының шығармашылық шеберлігін бірден дамыту мүмкін емес. Сол себептен танымдық тапсырмалар арқылы, оқушының интелектуалды және шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, бір жүйеге келтіру қажет. Логикалық математикаоқушының абстрактілі ойлау деңгейі дәстүрден тыс және әртүрлі қызықты тапсырмаларды орындауға қажет логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алуға мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері, еңбекке баулу, ән-күй, ана тілі , қазақ тілі, дүниетану

Күтілетін нәтиже: Жеке тұлғаның шығармашылы мол, жан-жағты дамыған, интелектуалдық деңгейі жоғары, мектебінің дәрежесін көтеретін дарынды тұлға қалыптастыру

Таңдау курсын меңгеру жолдары: интерактивті тақтамен,жұмыс ақпарат құралдармен, электронды оқулық,графикалық жұмыс,шығармашылық жұмыс,суреттермен жұмыс,арифметикалық ойынд ар,іздену,зерттеу,бақылау,дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар,кестелер,сызбалар.

Логикалық математика таңдау курсы бойынша оқушы кеңістігін айырықша бөледі:

1. 1 сыныпқа тапсырма аз беріледі, себебі бұл жастағы баланың жылдамдығы төмен, оқылған тапсырманың мәнін түсіну үшін оған уақыт қажет.
2. 1 –сыныпта сабаққа 35-минут уақыт бөлінеді.
3. Тапсырманы негізінен мұғалім береді.
4. Ауызша тапсырмалар мен ойындардың көлемдері белгіленуі керек.
5. Сыныпта орындар үлгермеген тапсырмалардың барлығын беруге болмайды.
6. Екінші жарты жылда үй тапсырмасын әр оқушыға деңгейіне қарай жеке беруге болады.
7. Әр тоқсанның бір сабағы турнир,сайыс,олимпиада түрінде болуы керек. Тапсырмалар оңай шешілетін қызық болуы керек.

Логикалық математика бағдарламасының 1 сынып бойынша жіктелуі барлығы 34 сағат,аптасына 1-сағат.Берілген тапсырмалар балалардың жаас ерекшелігіне негізделіп құрылған. Сабақтың басында көңілді жаттығулар өткізіп,сонан соң жинақтағы тапсырмаларды пайдалана отырып математикалық басқатырғыштар орындалып, әрі қарай көру немесе есту диктанттары жаздырылады. Сабақ жоспарын мұғаілм 0 қалауынша құра алады.

Оқу материалдары төмендегідей бес тараудан тұрады:

I. Геометриялық мазмұндағы жіне кеңістік ұғымы
II. Сандық заңдылықтарды анықтау
III. Жиынтық амалдар
IY. Сандық ребустар мен есептеулер
Y.Қызықты есептеулер

I. «Геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғым» тарауында оқушы суретте көрсетілген фигураларды бояп,анықтайды. Суретте не керек деп түстерді білдіреді.. Сызық бойынша фигураларды жаңа торкөздерге орналастыру, түсін өзгертіп, қарындашпен бояп үйренеді. Заттарды қоршап үйренеді. Заттарды қоршап шығып,ажыратады. Кестені қарап шығып, тапсырманы түрлі түсті қарындашпен бояп.келесі сурет қандай екенін және барлық суреттер бірдей болуы шарт екенін анықтап бояп ,келесі сурет андай екенін және барлық суреттер бірдей болуы шарт екенін анықтап бояп. Кеңістік ұғым пайда болады.

II. «Сандық заңдылықтарды анықтау» тарауында оқушы сандарды өсу ретінде қарай біріктіріп сызу, қатарында қандай сандар жоқ? Суретті бояу, түсіндіру. Қалып қойған сандарды жазу. Не жетпейді? Сандарды кему ретіне қарай біріктіріп сызып , сандар қатарын толықтыру. Қатардағы жетпей тұрған фигураларды салып,суретті аяқтау. Орналасу заңдылықтарын анықтау. Жетпей тұрған заттардың суретін салып, заңдылықты табуға баулу.

III. «Жиынтық амалдар»

Жан-жануарлар бейнеленген суреттерден басқаларын бояп шығу. Суреттегі артық затты,фигураны тауып,оны сызу неге артық екендігін түсіндіру.Фигураларды үш топқа бөлу және әр топқа жататын фигуралады шаршыларға бөліп салу.

IY. «Сандық ребустар мен есептеулер»

Бұл тарауда мысалы әр ағашта 6 алма мен 5 алмұрттың болуы тиіс. Сонда неше алмұрт пен алманың суретін салуы қажет. Торкөзге сәйкес санды таңдап, сөзді оқиды. Сөзжұмбақтардың шешуін табады.

Ү. «Қызықты есептеулер»

Білімділк пен тапқырлықты шыңдауға арналған әртүрлі арифметикалық ойындардан құралады. Абстрактілі ойлау деңгейәне байланысты жұмбақтар,қызықты есептер, өлең түрінде берілген шығармалар беріледі.

Пайдаланған әдибиеттер:

Шибасов, Л.П. Математика тарихы: 050201.65 - математика мамандығы бойынша оқитын университет студенттеріне арналған оқу құралы / Л.П. Шибасов, З.Ф. Шибасова. - 2-ші басылым, құраст. - Мәскеу: Белгі, 2015. - 375 б.

2. Просветов, Г.И. Математика тарихы [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Г.И. Просветов. - 2-ші басылым, қосымша. - Мәскеу: Альфа-Пресс, 2015. - 200 б.

5.2 Қосымша әдебиеттер:

1. Бурбаки, Н. Математика тарихындағы очерктер / Н. Бурбаки. - 4-ші басылым, - Мәскеу: ЛКИ баспасы, 2010. -296 б.

2. Математиканың ежелгі дәуірден 19 ғасырдың басына дейінгі тарихы: 3 томдық - Мәскеу: Ғылым. Т. 1: Ежелгі дәуірден қазіргі заманның басына дейін. - 1970. - 351 б.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

«АНА ТІЛІ АБЗАЛ ТІЛ»

Бирмагамбетова Мадия Сактагановна
Жаңажол жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы,өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.
Жүсіпбек Аймауытов

Тіл-ұлттың ұлт болып қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Тіл жай ғана сөз емес, өмірдің талай сыны мен соқпағынан өткен, заман талабына сай өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, қателесе қоймаспыз. Талай ақынның қыл қаламынан жыр төгілткен, осы тілде қаншама қайнар күш бар дерсің-ау?! Өзің дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ, шама шарқыңа қарап шүлдірлеуден бастайсың. Ол саған ана сүтімен, әкенің қанымен беріледі. Керемет алпауыт күштің иесі боласың. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

Әр халықтың өз ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тілдің адам өмірі үшін мәні айырықша. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз опық жегізіп, өмір бойы өзегіңді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадыңда жатталып, бақытқа жеткізеді.

Тіл – ұлттың жаны. Расында қазақ халқының басына талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Ақиық ақын Қадыр Мырза Әлі

Ана тілің — арың бұл,
Ұятың боп, тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте! – деп жырлағандай, рухани қайта түлеу ана тілсіз мүмкін емес. Ұлы ағартушы, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов атамыздың «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген сөзі де – соның бір айғағы . Өйткені, тіл ұлттың бар құндылығын тасымалдаушы құрал.

Қарапайым күнделікті қарым-қатынаста бір-бірімізбен қазақша сөйлеспейміз. Отбасы дастарқан басында бір тілде сөйлемейінше және бір шаңырақ астында мұсылманшылық жоралғысы бірдей болмайынша, мемлекеттік деңгейде руханият мәселесінің шешімін табу қиын. Отбасы — шағын мемлекет деген осы.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Ұлттық сана» бөлімінде: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет.

Әрбір мемлекеттің жарқын болашағы оның тілінде. Қазақтың көрнекті жазушысы Ғ.Мүсірепов бір сөзінде: «Тілін білмеген, түбін білмейді. Ондай адам күлдіремін деп күйдіреді, сүйсіндіремін деп сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантамын деп қуартады, келтіремін деп кетіреді, жұбатамын деп жылатады» деген өсиет қалдырған . Егер ұлылардың бізге қалдырған осындай өсиеттерін ұғынған мемлекетті жарқын болашақ күтуде. Кез келген ұлт кеудесінде жаны барда өз тілінің жойылып кетуіне жол бермейді. Тіл барлық ұлттың ұлт болып қалыптасуында сенімді тұғыр мен кепілдің көрсеткіші.

Мемлекеттік тілді дамыту барысында үкімет тарапынан көптеген іс-шаралар жасалып жатыр. Жастар, басқа ұлт өкілдері арасында қазақ тілін уағыздау БАҚ, теледидарда кеңінен өріс алуда. Қазақ тіліне деген қызығушылық күн санап артып келеді.

Бұл ретте, асыл қазынамыз тілімізді тиімді сақтаудың жолы-отбасында ана тілінде сөйлеп, өз ойымызды сол тілде жеткізіп, қуаныш пен реңішімізді, ізгі тілектерімізді, асыл армандарымызды, дүние, қазақ елі туралы, жетістіктеріміз бен жеңістеріміз туралы ойларымызды осы тілде бөлісіп, келешекке деген жоспарды қазақ тілінде жоспарлап, тілдің туын биікке көтерсек, нұр үстіне нұр болары, хақ. Тілге қатысты ойыңды ақ қағазға түсірген сайын, оның құдыреті мен сиқырлығына таң қаласың. Осы тілде сөйлегенің үшін бойыңа бақыт сезімі ұялайтыны, сөзсіз. Әрине, мақтамамын, мақтан тұтамын. Ол үшін күюге де, жануға да дайынсың. Шынымен, тіл адам бойындағы асыл мұра.

Қорытындылай келсек, заманауи мәдениет халқымыздың рухани жаңғыру және мәдени өмірін түбегейлі өзгертуде. Еліміздің жаһанда гүлденген мемлекетке айналуы, әлемдегі елу елдің қатарына кіру осы мәдениеттімізге байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Қалай дегенімен де қазақ халқының, еліміздің, жеріміздің және тарихы мол мәдениеттіміздің өзіне сай болмысын сақтап, ата-баба мұрағат еткен жалынды өшірмеу тек біз бен сіздің қолымызда.

Мақаламды Қадыр Мырза Әлидің бір сөзімен аяқтағым келіп тұр: «Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл».

Пайдаланған әдебиеттер:
1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.
2. Абай Құнанбаев үшінші қара сөзі.
3. Қазақтың ұлы жазушылары мен ақындарының тілге қатысты қанатты сөздері мен өлеңдерінен үзінді.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ БАЛАЛАРЫН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТА ОТЫРЫП, ТІЛДЕРІН ДАМЫТУ

Ермаганбетова Алия Иденбаевна
№74 ЖББОМ –нің мектепалды даярлық тобының тәрбиеші

Даялық сыныпта бала ең алдымен айналасындағы басқа балалармен қарым-қатынас жасауды, әдептіліктің алғашқы ережелерін үйренеді. Адамгершілік құндылықтарды түсіне бастайды, өз-өзіне қызмет жасауды меңгереді. Партада отыру, берілген тапсырмаларды мұқият орындау, өз іс-әрекетіне жауапкершілік дағдылары дамиды. Әріптерді танып, буындап оқуды меңгереді. Балалар бірінші сыныпта жақсы оқып кетуі үшін, мектепалды даярлық сыныптың орны ерекше.

Жыл бойы өткізілетін мерекелік ертеңгіліктер әр баланың өнерін көрсетіп, жұлдызын жағады, баланың бойында эстетикалық сезімдері, шығармашылық қабілеттері дамиды.Отбасылық спорт сайысы, «Анашым-мақтанышым», «Жігіт сұлтаны», «Бүлдіршін ару» сайыстары балаларға нағыз мереке сыйлайды.

Даярлық сыныпта тәрбиеленген балалар өз отаны мен туған өлкесіне деген сүйіспеншілікте, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарайтын, қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілік қарым-қатынаста болады. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жаңашыл, білімді, өз ісінің шебері болуы керек десек,сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Мектепалды даярлық сыныпбалалардың қабілетін дамыта отырып , өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын шығармашыл, құзіретті тұлғаны тәрбиелейді. Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді?

- *Қисынды ой-қабілетін дамытады*
- *Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді*
- *Сөздік қоры баийды, тілі дамиды*
- *Зейіні қалыптасады*
- *Байқампаздығы артады*
- *Өзара сыйластыққа үйретеді*
- *Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды*
- *Бір-біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды*

Пайдаланған әдибеттер :
1.Қазақ халық ертегілері сериясының кітаптары («Фолиант» баспасы);
2. 1100 қызықты деректер сериясының кітаптары («Аруна» баспасы);
3. Классикалық хикаяттар сериясының кітаптары («Фолиант» баспасы);
4. Динозаврлар энциклопедиясы

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жанбирбаева Жанилсин Сагиджановна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, №3
Ембі қалалық жалпы білім беретін орта
мектебінің мектепалды даярлық сынып
мұғалімі

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – еліміздегі білім беруде халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр- ақпараттандыру ғасыры» деп аталады.Заман талабына сай көштен қалмай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде.

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

«Технология» гректің «teche» - өнер, шеберлік және «logos» - ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағнаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни, оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет.Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтейік:

Ақпараттық технологиялардың бірі — интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Өзім қызмет жасайтын мектепте де жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кабинеттерінде интерактивтік тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз.Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:


1. Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.


Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сондықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауы, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған

мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Слайд «Оқу әдісі»





Қазіргі заманның талабы сол. Сондықтан ұстаздар үнемі ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеп білім деңгейін үнемі жоғарылатып отыруы қажет. Сонда ғана оқушылар әрбір пәннің мазмұнын жүйелі меңгеріп, олардың пәнге деген қызығушылығы арта түседі, өз бетінше оқып үйренуге дағдыланады.«Алдына ұлы мақсат қойсаң ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап, ел ертеңіне сеніммен қарасақ ғана алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын.«Ұстаздан шәкірт озар» - деген дана халқым. Мен жектістігім – менің өркіндеп жатқан шәкірттерім! Маған деген алғыс, шәкірттерімнің биіктен көрінуі!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К, Мазаржанова Қ. «Сабақ – оқытудың негізгі формасы». Алматы, 2003 жыл.
2. Информатика негіздері журналы, 2008 жыл, №6
3. Информатика негіздері журналы, 2010 жыл, №2
4. «12 жылдық білім» Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журналы, 2006, №2.
5. Республикалық педагогикалық журнал «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.
6. Интернет материалдары

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жанина Ақсезім Ерболатқызы
"Сарысай мектеп-бөбекжай-бақшасы"
КММ -нің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев «Жалпы педагогика» еңбегінде «Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын көміл жасқа толып, өзінеөзі қожа болған ша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі».-дейді. Адамның денесі дене және жаннан тұрады, жер бетінде басқа тіршілік иелерімен салыстырғанда адам өте әлсіз боп туады. Малдың төлі туа сала аяққа тұрып кетсе,балапан жұмыртқадан жарып шыға сала жүгіріп кетеді ал адам іңгәлап туылған әлсіз бір кесек ет екенін сондықтан адамның денесіне, жанына азық беру керектігін «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген Иран мәтелінде тәрбиешінің жауапкершілігін алға тартады [2]. Халқымыз баланы қалай тәрбиелесең солай өседі деп баланы иілгіш жас шыбыққа теңейді. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің Бақша ағаштары әңгімесінде «Балам сен жас шыбық секілдісің саған да күтім, дұрыс тәрбие керек. Егер дұрыс тәрбие алсаң түзу ағаш сияқты сен де түзу өсесің,өз бетіңмен кететін болсаң мына ағаш сияқты қисық өсесің" деген әкенің балаға көрсеткен мысалы тәрбиенің отбасында қалыптасатынын және бала болашағына үлкен әсері бар екенінің дәлелі. Адамгершілік тәрбиенің алғашқы баспалдағы отбасынан басталады. Дүниеге келген сәби ең алғашқы өмір жолымен отбасында танысады, моральдық нормаларды игереді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға ата — ана екенін екенін ескерсек, бала тәрбиелеу үлкен дайындықты қажет етеді. Ал ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қарауды Константин Дмитреевич Ушинский «педагогикадағы надандық" — деп санаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан өз-өзіне сенімділік, қайырымдылық, еңбекқорлық, батылдық, мейірімділік сияқты құнды қасиеттердің дәнін егуде отбасы мен педагогтардың ықпалы орасан зор [4]. Адамның адамгершілігі — ең жоғарғы қасиеті. Адамгершіліктің негізгі белгілеріне өзі үшін ғана емес, қоғам үшін өмір сүру, әрқашан қолынан келгенше жақсылық жасау жатады. Отансүйгіштік, мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық, әділдік сияқты асыл қасиеттердің жас ұрпақтың бойынан табылуына ықпал ету — ата-ана мен ұстаздардың парызы. Сонымен қатар әрбір ата — ана мен ұстаз балалардың жас мүмкіндіктерін және психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескеру керек [5]. Әрбір адамның рухани әлемі жеке және қайталанбайды, әрі ұдайы дамып отырады. Ол адамның мінез-құлығынан, іс-әрекетінен және құндылық қасиеттері жүйесінен көрінеді. Адам қабылдайтын рухани құндылықтар жоғалып кетпейді, олар адамның рухани әлемін байытып отырады. Тәрбиенің негізгі мақсаты — дені сау, білімді, ұлттық сана сезімі оянған, парасатты, мәдениетті, еңбекқор, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Оқушының тұлға болып қалыптасуына білім беру жүйесі айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Әр оқушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы педагогикалық жұмыстың мәні оның бойындағы рухани қасиеттерін ашуға және өзін-өзі тәрбиелеуге көмектесу болып табылады. Қазіргі таңда оқушыларды әсіресе бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу өзекті мәселе. Еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты екені белгілі. Сондықтан ұстаздың алдындағы міндет — оқушының ұлттық сана сезімін тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына адамгершілік және рухани тәрбиені сіңіру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Құрманалина Ш., Мұқанова Б. Ғалымова Ә., Р.Ильясова. Педагогика — 2010, -113б. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Рауан, 1995.-312б.
2. Бабаев С. Б., Қожагелдиева С. Педагогика (көрнекі материалдар) 2011, -86б.
3.Ушинский К. Д. Сборник сочинений. -М.:, Академ. Пед. Наук, 1948. С.-668.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Каржаубаева Акнур Абыловна
Ақтөбе қаласы №44 «Тұлпар» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ мотриканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ мотриканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі.

Өз жұмысыма төмендегідей міндеттер қойдым:

- қол және көз, қолдың ептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту;
- саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту;
- жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру;
- сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесу;
- қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- өз құрбылары және үлкендермен қарым – қатынаста эмоционалды – қолайлы жағдай жасау;

Көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін келесідей жұмыс түрлерін тұрақты түрде пайдаландым:

- тәлімгердің балалармен бірлескен қызметі;
- балалармен жекелей жұмыстар;
- балалардың өздерінің еркін өзіндік қызметтері.

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі қабылдаулар мен әдіс – тәсілдер қолдандым:

- саусақтық ойын тренингісі
- қол мойнына массаж
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар
- саусақтық театр
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.)
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б.
- құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструкторымен
- бастырмалардың түлері
- графикалық мотриканы дамыту
- трафаретпен сурет салу
- түр сызықпен түрлеу
- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша)
- лабиринттер
- дидактикалық ойындар

Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау - балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады.

Жеке жұмыс тәжірибесін сипаттау

Жұмысқа кіріспес бұрын қалай жұмыс жасау керек, қандай материалдар қолданамын деген мақсатта нақты жоспар құрдым. Жұмысымның негізіне ойындар енгіздім. Қозғалысты ойын - балалар үшін дүниені танудың бір тәсілі. Балалар ойынының қозғалысы қаншалықты анық болса, бала дүниемен соншалықты терең таныса алады. Алдымен мектепке дейінгі ортаңғы топ балаларының (4-5 жасар) саусақтары мен қол ептілігін анықтайтын диагностика жасадым.

Диагностика жасау барысында балаларға үш түрлі жаттығу ұсындым:

- доппен ойнау (допты лақтыру және оны ұстап қолмен алу, ұстаған допты бір қолмен еденге ұрып алып жүру, жоғары лақтырып, оны қағып алу)
- қарындашпен ойнау (затты айналдырып сызу

және оны сызыққа тастау)

- саусақпен жеке қимыл жасау.



Өзіме мынадай міндеттер қойдым: саусақ қозғалысын жақсарту, өзіне –өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру бойынша жаттығулар жасату, баланың жалпы қозғалыстық белсенділігін арттыру. Балалардың әлеуметтік дағдысын, қызметтің түрлі нысандарын меңгеруді дамыту бойынша жеке жұмысты ұйымдастыруға да міндет қойдым. Тақпақты тыңдаған балалар саусақ қозғалысының көмегімен тыңдалған тақпақтар мен мазмұнын және бейнелер арқылы сахналады. Сюжетті материал ретінде тақпақтар пайдаландым. Жаттығуға ұласқан тақпақ – сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызғушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады. Тақпақты бейнелеу, тыңдау және түсіну дағдысын дамытады. Ұсақ қол саусақтарын дамытуға арналған картотека құрастырдым: «Саусақтық жаттығулар», «Жолшықпен жүру», «Физминуткалар». Бірлескен және өзіндік әрекет кезінде саусақ театр қозғалыстарын қолдандым. Ол балаға бір мезетте сценарист, режиссер-постановщик болуға мүмкіндік береді. Театрландырылған қойылым шығармашылық потенциалды ғана емес сөйлеуді және оған саусақ белсенділігін дамытуға көмектеседі. Бірлескен қызметке сурет салудың көптеген дәстүрлі емес түрлерін пайдаландым: тампондау, қылқалам, май шам, тіс щеткасы көмегімен қолдан жасалған мөр және т.б. Сурет салу кезінде балалардың жалпы елестері, шығармашылығы дами түседі, ақиқатқа деген эмоционалды қатынастары тереңдейді, графикалық дағдылары қалыптасады.



Басты назар суреттерді бояуға бөлінді. Бұған бояу альбомы мен дайындамалар қолданылды. Бояу қозғалыс үйлесімін дағдыландыруда ұсақ қол моторикасын дамыту мен нығайтуды қамтамасыз ететін түр сызықтарының бірнеше түрлерін қамтыды. Қол қозғалысының анықтылығы мен сенімділігін дамыту бойынша нақты бағытта параллель сызықтар жүргізетін ойындарды да қолдандым. Ұсақ мотериканы дамыту баланың сөйлеу тілін дамытуға серпін беретінін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Аналары үнемі ойын ойнайтын, оқу үшін әртүрлі текстураның көптеген объектілері берілген балалар аталған ойын-сауықтардан бас тартқан құрдастарына қарағанда ертерек сөйлей бастайды. Сонымен қатар, мұндай балалар ақпаратты тезірек қабылдайды (тактильді сезімдер мидың белсенділігімен байланысты), оңайырақ үйренеді, тезірек жаза бастайды. Көбінесе тактильді сезімдерді дамыту мектепке дайындық ретінде қолданылады. Ұсақ мотериканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ мотериканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады.



Ұсақ мотериканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Саусақ қадамдары. Ұсақ мотериканы дамытуға арналған жаттығулар Е.Ю.Тимофеева, Е.И.Чернова
2. Ахметова Р.М. Бала тілін дамытуда ойын технологиясын пайдаланудың теориялық негіздері. Отбасы және балабақша - №1 – 2012ж-(5 бет)
3.Белая, А.Е., Мирясова, В.И. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған саусақ ойындары [мәтін]: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған нұсқаулық / А. Е. Белая, В. И. Мирясова. - М.: ООО АСТ баспасы, 2019. -48 ж.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Касенова Гулшара Кузембаевна
“№ 74 жалпы
білім беретін орта мектеп”КММ-нің
ағылшын тілі
пәнінің мұғалімі

Ағылшын тілі сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту – оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру мен олардың оқу барысында ақпаратты түсініп, талдау қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды процесс. Бұл үдеріс бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды:

1. Оқу сауаттылығы дегеніміз не?

Оқу сауаттылығы – мәтінді түсіну, талдау, қорытынды жасау және алынған ақпаратты тәжірибеде қолдану қабілеті. Бұл дағды шет тілін үйренуде аса маңызды, себебі оқушы грамматиканы меңгеріп, сөздік қорын байытқанымен, мәтіндерді толық түсінбесе, тілде еркін қарым-қатынас жасау қиынға соғады.--

2. Оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістері

Мәтіндермен жұмыс:
Тақырыпқа байланысты мәтіндерді таңдау (табиғат, технология, мәдениет).
Мәтінге дейінгі, мәтін кезіндегі және мәтіннен кейінгі тапсырмалар арқылы түсінікті дамыту.
Мәтіндердің деңгейге сәйкес болуын қадағалау (A1, A2, B1 және т.б.).
Сұрақ-жауап әдісі:
Мәтіннен негізгі идеяны табуға бағытталған сұрақтар қою.
Ашық сұрақтар арқылы оқушыны талқылауға тарту.
Интерактивті әдістер:
Қысқа мәтіндермен жұмыс істейтін топтық немесе жұптық тапсырмалар.
Оқу барысында цифрлық ресурстарды (аудиокітаптар, электронды мәтіндер) қолдану.
Оқуды бағалау:
Оқушылардың мәтінді түсінуін бағалау үшін тесттер мен рефлексиялық тапсырмалар ұйымдастыру.
Оқушылардан өз ойларын жазбаша түрде немесе ауызша жеткізуді сұрау.--

3. Оқу дағдыларын дамытудағы тиімді стратегиялар

Skimming және Scanning (тез оқу техникасы):
Оқушыларды мәтінді оқымас бұрын негізгі идеяны анықтауға үйрету (skimming).
Белгілі бір ақпаратты жылдам табуға машықтандыру (scanning).

Ключевые слова (кілт сөздер):
Мәтіннен негізгі ұғымдар мен маңызды сөздерді бөліп алу.
Visual aids (визуалды құралдар):
Мәтінді жақсы түсіну үшін суреттер, диаграммалар, және кестелер қолдану.
Reflection and Discussion:
Мәтін мазмұны туралы пікірталас ұйымдастыру, оқушылардың өз ойларын бөлісуіне жағдай жасау.--

4. Тиімді әдістемелік тәсілдер

CLIL әдісі (Content and Language Integrated Learning): пән мен тілді біріктіре оқыту. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек мәт
CLIL әдісі (Content and Language Integrated Learning): пән мен тілді біріктіре оқыту. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек мәтінді оқып қоймай, оны пәнаралық контексте талдайды.
Project-based learning: жобалар арқылы оқу. Оқушылар мәтіндерге негізделген жобаларды зерттеп, оны сынып алдында қорғайды.
Gamification (ойын элементтері): оқу сауаттылығын арттыру үшін Quizlet, Kahoot сияқты платформаларды пайдалану.--

5. Оқу сауаттылығының пайдасы

Ақпаратты тиімді қабылдау және қолдану қабілеті дамиды.
Қарым-қатынас жасау дағдылары нығаяды.
Оқушылардың өз бетімен білім алуына жол ашады.

Қорытындылай келе, оқу сауаттылығын қалыптастыру ағылшын тілін меңгерудің негізгі бөлігі болып табылады. Бұл дағды оқушылардың тілдік деңгейін арттырумен қатар, олардың сыни ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Пайдаланған әдибет:

1. Сөзіру:a b Michael Everson, Evertype, Baldur Sigurðsson, Íslensk Málstöð, Латынның Þorn әрпінің мәртебесі және оның сұрыпталу реті туралы
2. ^ “Dixie праймері, кішкентай адамдарға арналған”. Брэнсон, Фаррар және Ко., Роли ҰК.
3. ^ Стризвер, Илен, “Екпіндер және екпінді таңбалар”, Фонология, Монотипті бейнелеу, алынды 2019-06-17
4. ^ (pdf) MHRA стилі бойынша нұсқаулық: Авторлар мен редакторларға арналған анықтамалық (3-ші басылым), Лондон: Қазіргі гуманитарлық ғылымдарды зерттеу қауымдастығы, 2013, 2.2 бөлім, ISBN 978-1-78188-009-8, алынды 2019-06-17.
5. ^ Зоолог, Миннесота штатының кеңсесі (1892). Мемлекеттік зоологтың баяндамасы.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ КЛАССАХ

Келмагамбетова Гаухар Сарыбаевна
№74 ЖББОМ-нің орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Аннотация: Статья посвящена проблеме преподавания русского языка в казахскоязычных классах, особое внимание уделяется тому, что учителя русского языка в таких классах сталкиваются с рядом сложностей, связанных с тем, что ученики не имеют достаточного опыта общения на русском языке и не всегда могут быстро усваивать новый материал. В статье приводятся различные методики преподавания русского языка, которые используются в казахскоязычных классах. Рассматриваются как традиционные методики, так и инновационные подходы. Проведен анализ применения каждой из методик и дана объективная оценку их эффективности в контексте преподавания русского языка в казахскоязычных классах. Также выделяются основные проблемы, с которыми сталкиваются учителя при использовании этих методик. Даны рекомендации преподавателям русского языка в казахскоязычных классах. Также подчеркивается важность развития коммуникативных навыков учеников и предложены некоторые способы достижения этой цели. Русский язык должен помочь молодым людям в их дальнейшей жизни. Основная цель формирования социального статуса учителя русского языка – творчески работать, уметь проявлять результаты своих знаний и квалификации. Основные цели преподавания русского языка в казахских школах : 1. Практическая цель – обогатить словарный запас учащихся, научить их правильно говорить по-русски, грамотно писать, научить разговаривать друг с другом, кратко излагать прочитанное, увиденное, услышанное; 2. Образовательной целью является предоставление учащимся информации о жизни, культуре и языке русского народа путем преподавания русского языка как предмета; 3. Воспитательная цель – создать возможность воспитывать студентов в гражданском и нравственном духе путем знакомства с русским языком. Изучая русский язык, учащиеся смогут понимать русские разговорные выражения, говорить и писать то, что они видят и знают, на русском языке. Урок является основной формой воспитательной работы в школе. Успеха можно добиться только умело его организовав. Проектное обучение – это собственная творческая деятельность учащихся. Это реализация проекта, процесс реализации, поиск информации, обобщение и анализ собранного материала. Цель проектного обучения – повышение деловых способностей учащихся в стенах школы . Функциипреподавателя в процессе проектного обучения : Выбор подходящей темы; Деление темы на подтемы; Выбор темы вместе с учащимися; Презентация перед учащимися; Участие в обсуждении темы; Организация учащихся; Подборнеобходимой литературы. Основные функции учащихся: Определение основных целей и задач работы; Организация поиска решения; Корректная подача результатов работы. Педагогам рекомендуется систематически использовать элементы этнопедагогики при обучении русскому языку представителей других национальностей. Запрещенные слова являются одним из образовательных инструментов для просвещения людей, предоставления примеров и советов.Запрещенные слова защищают детей от вредных привычек, плохого поведения, плохого поведения и аморальных поступков. Основная цель образовательного процесса школы направлена на то, чтобы выпускники школы освоили русский язык более свободно, чем другие языки, стали патриотами, поликультурнымиличностями, уважающими язык и культуру других народов.

Список использованных источников:

1. Сарыбаев Ш. Методика преподавания казахского языка в русской школе. Алматы, 1943. – 125 с. 2. Лапатухин М.С. Очерки по методике казахского языка в русской школе. Алматы, 1940. 3. Бектуров Ш., Бектуров А. Казахский яык. Алматы, Рауан.1994 –2

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Қаржаубаева Зергул Нурахметовна
Жаңажол жалпы білім беретін орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Толағай» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысы сынып аралық топтық сайыс түрінде өткізіледі.Сондай-ақ 5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру басты мақсатымыз. Мектепте «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз.Мектептегі өткізілетін спорттық іс-шаралар дарынды талантты балаларды анықтауға да көп көмегін береді. Әрбір мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз сыныптарындағы оқушылардың қай спорт түріне бейім екенін анықтап спорт секцияларына бағыттай алады. Спорт секцияларына қатысып спортпен әуестенген оқушыларымыз бірнеше рет мектебіміздің намысын аудандық және облыстық жарыстарда қорғаған. Мектеп футбол командасы аудандық ойындарда үнемі жүлделі 1-орынға ие болып келеді. Футболдан ауданда жүлделі 1-орын алған оқушылар командасы облыстық жарыстарға да қатысып келеді.

Мектеп мұғалімдері мен оқушылардың бірлескен жұмыс нәтижесінде мектеп оқушылары аудандық жеңіл атлетика эстафетасында сегіз жыл қатарынан 2 жүлделі орынға ие болып келеді.Мектептің спорт базасында футболдан аймақтық жарыстар өткізіледі. Мектеп оқушылары футболдан, баскетболдан, теннистен аудандық командасының құрамында облыстық сайыстарға қатысып тұрады.Дұрыс бағыт алған оқушылар оқу орындарына дене шынықтыру факультеттеріне оқуға түсуге мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар қабілетті оқушының жоғары жетістіктерге көтеріле беруі үшін жарыстарды жиі өткізе беру керек. Бұл оқушының қабілеттерін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар денсаулықты күшейтіп, жағымсыз қылықтардан аулақ болуға көп көмегін тигізеді. Мектебімізде беделді адамдарды еске алу, қадірлеу, мықты спортшыларды анықтау, салауатты өмір салтын, спорт түрін насихаттау мақсатында дәстүрлі іс-шаралар өткізіледі. Волейболдан дәстүрлі мектеп директоры болған Д. Скандаровты еске алу аймақтық жарысы жыл сайын өткізіліп тұрады. Екі жыл қатарынан аулымыздың тұрғыны соғыс ардагері Р. Бекмағанбетовке арналған футболдан жарыс өткізу дәстүрі қалыптасты. Мектеп



оқушылары, ауыл тұрғындары арасындағы жеңіл атлетикадан эстафета жыл сайын өткізіліп тұрады. Бұл іс-шаралардың тәрбиелік мәні де өте зор.Әрбір оқушы денсаулыққа негізделген біліммен қамтамассыз етілуі керек, тек сонда ғана салауатты өмір салты дамиды. Терең біліммен қаруланған білім алушы өз денсаулығының қадірін түсініп, салауатты өмір салтын қалыптастырады.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР дене шынықтыру және спорт дамыту мемлекеттік бағдарламасы;
2. Волков Л. В. Физические способности детей, Киев-1981 г.;
3. «Мектептегі дене шынықтыру» журналдары, Алматы

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Мауен Сандуғаш Рейімқызы
Ақтөбе қаласы №74ЖББОМ-нің
биология
пәнінің мұғалімі

Қазіргі уақытта заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады.Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.Ғалымдар биологияны — XXI ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек .Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы .Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.Биология сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын.Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер еңдіріп, сайыс, дебат, XXI ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін. Және сабақта оқытудың интерактивті әдістері мен СТО бағдарламасының кейбір элементтерін көп қолданып жүрмін.



Сонымен бірге биология сабақтарында оқушыларға мынадай талаптар қойылады:
-үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқу;
-оқыған материалды биологиялық тілде айтып шығу;
-тақырыпқа байланысты таблица жасау, тірек-сызбасын сызу, негізгі терминдерді жатқа айту;
-тақырыпқа сай өз пікірін айта білу,
-қосымша ақпарат көздерінен алынған материалдармен тақырыпты толықтыра білу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аужанова Н.Б. Внеклассная работа по биологии. Учебное пособие. –Алматы: Даир, 2008. – 240 с.
2. Аужанова Н.Б. Дидактические игры по биологии и экологии. Методические рекомендации. – Алматы: Даир,2008. – 88 с.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мунайтпасова Гулдана Муратбайкызы
Ақтөбе қаласы №74ЖББОМ
ағылшын пәнінің мұғалімі

Қазіргі әлемдегі ағылшын тілі ең кең таралған және маңызды тілдердің бірі болып табылады. Бұл халықаралық қарым-қатынас, іскерлік, ойын-сауық және мәдени алмасу тілі. Жаһандану мен біздің әлемнің байланысы артып келе жатқандықтан, ағылшын тілін үйрену табысты қарым -қатынас пен жеке және кәсіби мақсаттарға жетудің ажырамас бөлігіне айналуда. Қазіргі адамға тілді білуге не беретініне тоқталайық.

Біріншіден, мансаптық мүмкіндіктер: Қазіргі заманда, ағылшын тілі көптеген бос жұмыс орындары мен мансаптық мүмкіндіктер үшін негізгі талап болып табылады. Көптеген компаниялар мен ұйымдар ағылшын тілін білетін қызметкерлерді жақсы көреді, себебі бұл шетелдік клиенттермен және серіктестермен оңай қарым -қатынасты қамтамасыз етеді. Ағылшын тілін білу сонымен қатар әлемдік еңбек нарығына есік ашады және бос жұмыс орындарына халықаралық үміткерлермен бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, қарым-қатынас үдерісін жақсартады. Ағылшын тілі - әр түрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы көпір. Ағылшын тілін меңгеру әр түрлі елдер мен мәдениеттердің адамдарымен тереңірек және тиімді қарым -қатынас орнатуға көмектеседі. Бұл өзара түсіністікті жақсартады, ой-өрісті кеңейтеді және ұзақ мерзімді достық пен іскерлік байланыстарды орнатуға көмектеседі.

Үшіншіден, білім мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.
Бүгінгі таңда ағылшын тілінде көптеген ақпарат пен ресурстар бар. Академиялық мақалалардың, кітаптардың, ғылыми зерттеулердің және онлайн курстардың көпшілігі ағылшын тілінде берілген. Ағылшын тілін үйрену арқылы сіз жаңа білімге, заманауи ғылыми жаңалықтарға және прогрессивті идеяларға қол жеткізе аласыз, бұл сізге әр түрлі саладағы соңғы тенденцияларды дамытуға және жаңартуға көмектеседі.

Төртіншіден, саяхаттауға және мәдени алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Оны меңгеру ағылшын тілі ресми немесе кең таралған елдерге саяхаттауды жеңілдетеді. Сіз жергілікті тұрғындармен сөйлесе аласыз, белгілер мен белгілердегі ақпаратты түсіне аласыз, мейрамханаларда тағамға тапсырыс бере аласыз және мәдени іс -шаралардан кедергісіз ләззат ала аласыз.

Осылайша, сіз ағылшын тілін үйренудің қазіргі әлемге жақсы бейімделуге және өмірдің әр түрлі салаларында табысқа жетуге көмектесетін көптеген артықшылықтары бар екенін көресіз. Мақсаттарыңыз бен мотивацияларыңызға қарамастан, ағылшын тілін үйренуді бастау және өз әлеуетіңізді ашу ешқашан кеш емес. **Ағылшын тілін үйренуде сізге сәттілік!**

Пайдаланған әдибет:

1. Сөкіру:a b Michael Everson, Evertype, Baldur Sigurðsson, Íslensk Málstöð, Латынның Þorn әрпінің мәртебесі және оның сұрыпталу реті туралы
2. ^ “Dixie праймері, кішкентай адамдарға арналған”. Брэнсон, Фаррар және Ко., Роли ҰК.
3. ^ Стризвер, Илен, “Екпіндер және екпінді таңбалар”, Фонология, Монотипті бейнелеу, алынды 2019-06-17
4. ^ (pdf) MHRA стилі бойынша нұсқаулық: Авторлар мен редакторларға арналған анықтамалық (3-ші басылым), Лондон: Қазіргі гуманитарлық ғылымдарды зерттеу қауымдастығы, 2013, 2.2 бөлім, ISBN 978-1-78188-009-8, алынды 2019-06-17.
5. ^ Зоолог, Миннесота штатының кеңсесі (1892). Мемлекеттік зоологтың баяндамасы

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫН ЕҢГІЗУ АРҚЫЛЫ ИГІ ІСКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Мурзабаева Актолкын Рафитовна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, №3
Ембі қалалық жалпы білім беретін орта
мектебінің математика пәнінің мұғалімі

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату.

Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі — пәндер бойынша ортақ тақырыптардың болуы. Жаңадан енгізілген пәндер қатарында, ағылшын тілі, жаратылыстану және ақпараттық технология сынды заманауи қажеттіліктерге байланысты жүргізілетін пәндер бар. Жаратылыстану пәнінде (химия, физика және биология пәндері) дүниетану пәнінде (география, тарих, қоғамтану) алғашқы ұғымдары қалыптастырылады. Жекеленген пәндерде үш тілділік мақсатын жүзеге асыруда тақырыпқа қажетті тірек сөздердің қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сабақта қолданылуы жүзеге асады. Оқу мақсаттарының белгіленіп беріліп, сол мақсаттар бойынша оқушылардың оқу жетістігін «жетті», «талпынды» деп бағалау жүргізіледі. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылады. Бұл бағдарлама бойынша жетістіктермен қатар, жекелеген пәндер бойынша қиындықтар да кездесіп жатқаны рас. Атап айтсам, ағылшын тілі, орыс тілі пәндерінен кезекші сөздерін қолдануда қалыптастырушы ортаның жоқтығынан оқушыларда тілге төселу баяулық танытуда. Әйтсе де пән мұғалімдерінің шеберлігімен оқушыларға жеке жұмыстар жүргізіліп, оқушыларды алға жылжыту үшін саралау жұмыстары атқарылуда.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. [1] Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. [2] Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

